

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Болгария Республикасы Үкіметінің арасындағы жолаушылар мен жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 23 маусым N 393-І

Алматыда 1997 жылғы 13 қарашада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Болгария Республикасы Үкіметінің арасындағы жолаушылар мен жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Болгария Республикасы
Үкіметінің арасындағы жолаушылар мен жүктердің халықаралық
автомобиль тасымалдары туралы
Келісім

(ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2000 ж., N 5, 47-құжат)
(1999 жылғы 19 тамызда күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж.,
Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 80 бет)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Болгария Республикасының Үкіметі бұдан әрі "Келісуші Жақтар" деп аталады, сауда және экономикалық қатынастардың тиімді дамуына және екі мемлекет арасында, сондай-ақ олардың аумағы бойынша транзитпен жолаушылар мен жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдарын жеңілдетуге ықпал жасауға ынталана отырып, төмендегілер туралы келісті:

I. Келісімнің мәні

1-Бап

Келісуші Жақтар осы Келісімнің ережелерін сақтай отырып, екі мемлекеттің арасында және олардың аумағы арқылы транзитпен Келісуші

Жақтардың әрқайсысының мемлекетінде тіркелген автокөлік құралдарымен орындалатын жолаушылар мен жүктердің тасымалдарын жасау құқығын бір бірінің тасымалдаушыларына береді.

II. Айқындамалар

2-Бап

1. "Автокөлік құралы" атауы жүк тасымалдауға арналған жалғыз автомобильді немесе жартылай тіркеме немесе тіркемеден құрылған автомобиль құрамдарын және жолаушыларды тасымалдауға арналған (жүргізушіні қоса) сыйымдылығы тоғыз адамнан артық болатын автобусты білдіреді.

2. "Тасымалдаушы" атауы бір Келісуші Жақ мемлекетінің аумағында тұрғылықты тұратын, осы мемлекеттегі қолданылып жүрген заңдарға сай өзінің немесе жалданған автокөлік құралымен жолаушылардың немесе жүктердің автомобиль тасымалдарын орындауға құқығы бар кез келген жеке немесе заңды тұлғаны білдіреді.

3. "Рұқсат" атауы Келісуші Жақтардың әрбірінің мемлекетінің қолданылып жүрген заңдарына сай жолаушылар мен жүк тасымалдарын автомобиль көлігімен орындауға құқық беретін осындай атты құжатты білдіреді.

4. "Транзит тасымалдары" бір Келісуші Жақ мемлекетінің аумағы арқылы, бірақ жөнелту және бағыт алған пункті осы Келісуші Жақ мемлекетінің аумағынан тыс орналасқан жолаушылар мен жүктердің тасымалдары болып табылады.

5. "Контингент" Келісуші Жақтардың құзырлы органдарының арасында жылма-жыл өзара алмастырылатын және келісілетін "Рұқсаттар" санын білдіреді.

6. "Жүйелі автобус тасымалдары" Келісуші Жақтардың құзырлы органдарының арасында алдын ала келісілген маршруттарға, кестелер мен тарифтерге сай автобус желілерінде орындалатын тасымалдар болып табылады.

7. "Жолаушылардың маятникті тасымалдары" бір Келісуші Жақ мемлекетінің аумағынан екінші Келісуші Жақ мемлекетінің аумағындағы орнына дейін белгілі мерзімде уақытша болу немесе олардың аумағы арқылы транзитпен өтуге арналған жолаушылардың тасымалдары. Осы жолаушылардың осы құраммен бастапқы шыққан елге қайтып келуі. Осы мақсатта кері бағыттың бірінші рейсі және негізгі бағыттың соңғы рейсі іші бос автобустармен орындалады.

8. "Жабық есікпен жәй тасымалдаулар" жолаушылардың бір тобы бір ғана автобуспен, әрі жөнелту пункті мен тағайындау пунктінің шегі оның

тіркелген мемлекетінде болады және тіркеу мемлекетінен тысқары бүкіл маршрут бойынша жолаушылар автобустан шықпайды және отырмайды.

9. Мыналар құзырлы органдар болып табылады:

- Қазақстан Республикасы үшін - Көлік және коммуникациялар министрлігі;
- Болгария Республикасы үшін - Көлік министрлігі.

III. Жалпы ережелер

3-Бап

1. Келісуші Жақтардың құзырлы органдары осы Келісімге, олардың мемлекеттеріндегі ұлттық заңдарға сай халықаралық автомобиль тасымалдауларын орындауға құқығы бар тасымалдаушыларға ғана жолаушылардың және жүктердің автомобиль тасымалдауларын жасауға "Рұқсаттар" береді.

2. Осы Келісімде көрсетілген "Рұқсаттар" мен басқа құжаттар соларға тиісті автокөлік құралында болуы тиіс және кедендік, шекаралық, милиция (полиция) және басқа бақылаушы құзырлы органдардың талап етуімен ұсынылады.

4 - Б а п

1. Бір Келісуші Жақ мемлекетінің аумағында тіркелген автокөлік құралдары келісілген және алмастырылған контингент шеңберінде, екінші Келісуші Жақ мемлекетінің аумағында пәрменді жол алымдарынан босатылады.

2. Автокөлік құралының резервуарында болатын жағармай және жанармайлар сол автокөлік құралы екінші Келісуші Жақ мемлекетінің шекарасынан өткен кезде, әкелінгені және шығарылғаны үшін кедендік алымдардан босатылады.

3. Келісуші Жақтардың бірінің мемлекетіне жататын, әрі екінші Келісуші Жақ мемлекетінің аумағында апатқа ұшыраған автокөлік құралдарын жөндеу үшін әкелінген, әрі осы мемлекеттің ішкі заңдарына сай қайта экспортталатын және кедендік баждар салынатын қосалқы бөлшектер әкелінгені және әкетілгені үшін салынатын кедендік баждардан босатылады.

5 - Б а п

1. Әрбір Келісуші Жақ автокөлік құралының салмағы мен ауқымды мөлшеріне

қатысты өзінің аумағында тіркелген екінші Келісуші Жақтың автокөлік құралдарына қолданылатын шектеу шарттарын қолданбауға міндеттенеді.

2. Автокөлік құралдарымен тасымалы жүзеге асырылатын ауқымы немесе салмағы екінші Келісуші Жақ мемлекетінің аумағында рұқсат етілгеннен артық жүктерді және қауіпті жүктерді тасымалдауға Халықаралық қауіпті жүктердің жол тасымалдары туралы Еуропа келісіміне сай арнайы рұқсат талап етіледі.

6 - Б а п

Әрбір Келісуші Жақ екінші Келісуші Жақтың тиісті құзырлы органдарымен автокөлік құралдарына беретін ұлттық тіркеу құжаттары мен жүргізуші куәліктерін м о й ы н д а й т ы н б о л а д ы .

7 - Б а п

1. Әрбір Келісуші Жақ мемлекеті автокөлік құралдарының тасымалдаушылары екінші Келісуші Жақ мемлекетінің аумағына барар жолда осы мемлекеттің заңдары мен е р е ж е л е р і н с а қ т а у ы т и і с .

2. Автокөлік құралының жүргізушісі жолда болған оқиғалар жөнінде өз мемлекетінің тиісті орындарын дер кезінде хабарландыруы тиіс, ал сонымен қатар аумағында оқиға болған Келісуші Жақтың құзырлы органдары құжат құрастыруы тиіс.

3. Осы Келісіммен немесе қатысушылары Келісуші Жақтар болып табылатын халықаралық шарттармен реттелмеген жол қозғалысының, кедендік немесе санитарлық бақылау ережелеріне байланысты мәселелерге қатысты аумағы бойынша тасымал немесе транзит жүзеге асырылатын сол Келісуші Жақ мемлекетінің құқылық ережелері қ о л д а н ы л а д ы .

IV. Ж о л а у ш ы т а с ы м а л д а р ы

8 - Б а п

1. Келісуші Жақ мемлекеттерінің арасындағы жүйелі автобус тасымалдары немесе олардың аумағы арқылы транзит тасымалдары, сонымен қатар "маятникті тасымалдар" да "Рұқсаттар" болған кезде жүзеге асырылады.

2. Келісуші Жақтардың құзырлы органдары "Рұқсаттарды" өздерінің аумағы бойынша өтетін маршруттар бөлігіне ғана береді. "Рұқсаттарды" беру процедуралары мен осыған байланысты нақты мәселелер 15-бапта көрсетілген Аралас комиссия шеңберінде Келісуші Жақтардың құзырлы органдарымен келісіледі.

3. "Рұқсаттар" белгілі нысандағы бланкімен беріледі және құзырлы органының мөрі

болған кезде ғана пәрменді болады. Онда қозғалыстың маршруты, оның күш мерзімі және қосымша шектеулері болған жағдайда, солар көрсетіледі.

9 - Б а п

1. Тасымалдаушылар рұқсат алу үшін аумағында өздері тіркелген жөнелту мемлекетінің құзырлы органдарына өтініштер береді. Осы өтініштермен бірге жүйелі халықаралық автобус желілерінің кестелері, тарифтері мен маршруттары қоса беріледі.

2. Келісуші Жақтардың құзырлы органдары жүйелі автобус желілерінің ашылғаны немесе "маятникті тасымалдың" орындалғаны туралы дер кезінде бір біріне ұсыныстар жібереді. Ұсыныстарда мына мәліметтер болады: тасымалдаушының аты мен мекен-жайы, телефоны мен факсы. Ұсыныспен бірге екінші Келісуші Жақ мемлекетінің көлік компаниясы шартының көшірмесі, оған қоса маршруты, кестесі, тарифтері, жергілікті мемлекет әкімшілігімен келісілген аялдамалар туралы құжаты қоса беріледі.

3. Әрбір Келісуші Жақтың құзырлы органдары жүйелі автобус желілерінің ашылғаны туралы ұсынысты алған күннен бастап екі айдан кешіктірмей бір біріне
ж а у а п б е р е д і .

1 0 - Б а п

1. Екі мемлекет арасында, сондай-ақ олардың аумағы арқылы да жолаушылардың кездейсоқ тасымалдарына "Рұқсаттар" талап етілмейді.

2. Осы баптың 1 тармағында көрсетілген тасымалдарды жүзеге асыру кезінде автокөлік құралының экипажында жолаушылардың жеке-дара аттарының тізімі болуы тиіс.

11-Бап

Бір Келісуші Жақ мемлекетінің автокөлік құралдарына екінші Келісуші Жақ мемлекетінің аумағында орналасқан екі пункт арасында (каботажды тасымалдар) жолаушылар тасымалын орындауға тыйым салынады.

V. Жүк тасымалдары

12-Бап

1. Барлық автокөлік құралдарымен жүк тасымалдау және өз есебінен екі мемлекет арасында немесе олардың аумақтары арқылы транзитпен үшінші елге және үшінші елден жүк тасымалдау, 14-бапта көрсетілгендерді қоспағанда, рұқсаттар негізінде жүзеге асырылады.

2. Аралас Комиссияның шешімі бойынша Келісуші Жақтар рұқсаттар тәртібін жеңілдетуі немесе өзара одан босауы мүмкін.

3. "Рұқсат" солай және кері қарай бір рейсті жүзеге асыруға ғана құқық береді. "Рұқсат" автокөлік құралының кері бағытта тиеліп қайтуына да құқық береді.

4. "Рұқсаттар" Келісуші Жақтардың құзырлы органдарының арасында өзара алмастыру жүргізілетін күнтізбелік жылға жарамды. Өткен жылдың аяғында басталған "Рұқсат" келесі жылғы тасымалдың аяғына дейін жарамды, бірақ келесі жылдың 1 ақпанынан аспауы тиіс.

5. Тасымалдаушыға берілген рұқсатта оның реквизиттері көрсетіледі және ол бұдан әрі басқа адамға тапсыруға жатпайды.

6. Барлық тасымалдар түрлері бойынша, атап айтқанда екі мемлекет арасында, олардың аумақтары арқылы транзитпен үшінші елге және үшінші елден тасымалдаудың бір жылғы кезеңге рұқсаттар контингенті Аралас комиссиямен анықталады. Келіссөздер барысында бір Келісуші Жақтың құзырлы органының сұрауы бойынша белгіленген контингенттен басқа қосымша "Рұқсаттар" берілетін болады. Бұл жағдайда бір Келісуші Жақ мемлекетінің аумағында тіркелген автокөлік құралдарының жол жүруі үшін

екінші Келісуші Жақ мемлекетінің аумағында пәрменді тиесілі жол алымдары төленеді.

13-Бап

Екінші Келісуші Жақ мемлекетінің аумағында орналасқан екі пункт арасында бір Келісуші Жақтың автокөлік құралдарымен орындалатын жүк тасымалдары, аумағында осы тасымал жүзеге асырылатын Келісуші Жақтың құзырлы органымен берілетін арнаулы рұқсаттар бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

14-Бап

1. Мыналарға "Рұқсаттар" талап етілмейді:

а) жүк көтерімділігі 3,5 тоннаға дейінгі автомобильдермен жүк тасымалдау;

б) көші-қон кезінде үй мүліктерін осыған арнайы жабдықталған автокөлік құралдарымен тасымалдау;

в) спорт шараларына арналған жануарларды, көлік құралдарын, спорт құралдары мен жабдықтарды;

г) театр әшекейлері мен реквизиттерді, ән аспаптарын, қойылымдарға арналған жабдықтарды;

д) жәрмеңкелерге, көрмелерге және шерулерге арналған жабдықтарды;

е) кинотүсірілімдерде, радио-теледидар хабарларын жазуға арналған жабдықтарды;

ж) жүктерін қоса, бұзылған көлік құралдарын, бұзылғандық фактыны растайтын құжат болған жағдайда, бұзылғанның орнына ауыстырылатын көлік құралының кіруін қоса оларды тасымалдау;

з) қайтыс болғандардың денесі мен мәйітін тасымалдау;

и) сатып алынған көлік құралдарын алғашқы бос күйінде әкелгенде тасымалдау;

к) пошта тасымалдары;

л) апат жағдайында көмек көрсетуге арналған тауарларды тасымалдау;

м) гуманитарлық және басқа көмек көрсету шеңберінде жүктерді тасымалдау.

2. Осы баптың 1 тармағының жоғарыдағы "в", "г", "д", "е" пункттерінде көрсетілген тасымалдаулар, егер сол заттар немесе жануарлар уақытша әкелініп, кері әкетілетін жағдайда ғана "Рұқсаттардан" босатылады.

3. Бос автокөлік құралдары, сондай-ақ жүк тасуға арналмаған арнаулы автокөлік құралдары рұқсаттардан босатылады.

VI. Қорытынды ережелер

15-Бап

1. Келісуші Жақтардың құзырлы органдары Аралас Комиссия құрады. Осы Комиссияның құзырына мыналар жатады:

а) осы Келісімнің 12-бабына сай "Рұқсаттар" контингентін келісу немесе рұқсаттар тәртібінен босату;

б) осы Келісімнің дұрыс қолданылуына бақылау жасау;

в) "Рұқсаттар" түрлері мен оларды және жолаушы тасымалдарын бақылау құжаттарын айырбастау әдісін келісу;

г) осы Келісіммен уағдаласылмаған мәселелер бойынша проблемаларды зерттеу және басқа тиісті құзырлы органдардың алдында ұсыныстар дайындау;

д) осы Келісімді толықтыру мен өзгерту бойынша кепілдемелер мен ұсыныстар дайындау және оларды бекіту үшін Келісуші Жақтардың құзырлы органдарына ұсыну. Өзгертулер мен толықтырулар дипломатиялық арналар арқылы нота алмастыру жолымен бекітілген соң күшіне енеді.

2. Аралас Комиссия қажет болуына қарай немесе бір Келісуші Жақтың құзырлы органдарының сұрауы бойынша әрбір мемлекеттің аумағында кезегімен шақырылады.

1 6 - Б а п

Аралас Комиссия шеңберінде шешілуі мүмкін емес даулы мәселелер және осы Келісімді түсіндіру мен қолдануға қатысты басқа мәселелер дипломатиялық жолмен ш е ш і л е д і .

1 7 - Б а п

1. Келісуші Жақтардың құзырлы органдары өз мемлекеттеріндегі автомобиль саласы жөніндегі қолданылып жүрген заңдар және олардың енгізілген сәтінен бастап болған өзгерістері туралы бір бірінен өзара хабар беріп отырады.

2. Келісуші Жақтардың құзырлы органдары кез келген Келісуші Жақ мемлекетінің тасымалдаушыларымен жасалған бұзулар туралы бір біріне хабарлап отырады.

1 8 - Б а п

1. Осы Келісім өздері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттар мен міндеттемелерден туындайтын Келісуші Жақтардың құқықтары мен міндеттерін қ о з ғ а м а й д ы .

2. Екінші Келісуші Жақ мемлекетінің аумағында тасымал жүзеге асыру нәтижесінде алынған табыстарға салық салуға байланысты әрбір Келісуші Жақтың міндеттеріне қатысты, әрі екі есе салық салуды болдырмау үшін, егер бекітілген және күшіне енген халықаралық шартта өзге жағдайлар көзделмегенде, сол Келісуші Жақтың ішкі з а ң д а р ы қ о л д а н ы л а д ы .

3. Бір Келісуші Жақтың тасымалдаушыларымен солай және кері қарай немесе екінші Келісуші Жақтың аумағы арқылы транзитпен жасалатын халықаралық тасымалдаулары табыс салығы алымынан босатылады.

1 9 - Б а п

1. Осы Келісім бір жылға бекітіледі. Оның күші өзінен өзі келесі жылға ұзартылады, егер Келісуші Жақтардың бірі оны бұзу жөніндегі өзінің ниетін тиісті мерзімнің аяқталуына үш айға қалғанша жазбаша мәлімдеген жағдайда күшінде болады.

2. Осы Келісім екі жақтың ішкі заңдарына сай бекітілуге жатады және Келісуші Жақтар оның бекітілгені жөнінде бір біріне хабарлаған екінші нотадан кейін 30 күн өткеннен соң күшіне енеді.

3. Екі Келісуші Жаққа қатысты осы Келісім күшіне енгеннен бастап

КСРО Үкіметі мен Болгария Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы халықаралық автомобиль көлігі туралы 1969 жылғы 29 қаңтардағы Келісім күшін тоқтатады.

4. Бір Келісуші Жақтың тасымалдаушылары екінші Келісуші Жақтың аумағында болу мерзімі 21 күнмен ғана шектеледі.

1997 жылғы 13.11. Алматы қаласында екі данада, қазақ, болгар және орыс тілдерінде, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей болып жасалды.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге қатысты пікірталас туындаған жағдайда, Келісуші Жақтар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Қазақстан Республикасының Болгария Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Мамандар:

Қасымбеков Б.

Нарбаев Е.